

А. Барменқұлова¹ , Е. Бесиров² , А. Мурсал^{1*} 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

²Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: aigerimmursal@mail.ru;

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛАНУЫ

Аннотация. Мақалада құрамы жағынан екі немесе үш сөзден құралған етістікті тіркестердің қазақ тіл білімінде танылуы, зерттелуі, түрлері, айырмашылықтары туралы мәселелерге шолу жасалады. Зерттеу жұмысымызда осындай күрделі құрамды етістікті тіркестердің тілдік табығаты, сөзжасам мен грамматикалық сипаты туралы мәселелерге шолу жасалып, проблемалары айқындалды. Күрделі етістік мәселесі бойынша ғалымдар пікірі мен оларды жіктеу принциптерінде айырмашылықтар бар екендігін байқадық. Күрделі етістікті тіркестердің семантикалық ерекшеліктерін жан-жақты зерделей отырып ашып көрсетіледі. Бұл зерттеу жұмысымызда күрделі етістік ұғымына құрамы мен мағыналық тұтастық критерий бойынша келеміз. Күрделі етістікті тіркестерді лексикографиялау үшін қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігінен, фразеологиялық сөздіктен және қазақ тілінің мәтіндер корпусынан мысалдар қарастырылды.

Күрделі етістік және аналитикалық формасындағы етістіктер мен құранды етістіктер және етістікті тұрақты сөз тіркестерінің де мағына тұтастығына, яғни бірнеше сыңарлары қосылып, бір ғана қимылды білдіретінін негізге алып, бұларды күрделі құрамды етістікті сөз тіркестері деп алынып, жасалу жолдары көрсетілді. Күрделі етістіктерді лексикографиялаудағыдай аналитикалық формалы етістіктер мен етістікті тұрақты тіркестердің лексикографиялаудағы принциптер анықталады. Төменде мысалдар беріп күрделі етістікті тіркестердің (күрделі етістік және аналитикалық формалы етістік) мағынасын түсіндіріліп, мағыналық ерекшеліктері ашылады.

Тірек сөздер: күрделі құрамды етістікті тіркес, аналитикалық етістік, етістікті тұрақты тіркес, күрделі етістік, корпус.

А.С. Барменқұлова¹, Е.Б. Бесиров², А. Мурсал^{1*}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Институт языкознания имени А.Байтұрсынова, Алматы, Казахстан

*e-mail: aigerimmursal@mail.ru

ЛЕКСИКОГРАФИРОВАНИЕ ГЛАГОЛЬНЫХ УСТОЙЧИВЫХ ВЫРАЖЕНИЙ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы различия, видов, распознавания по составу в казахском языкознании глагольных сочетаний из двух или трех слов. В работе был проведен обзор вопросов о языковой природе, словообразовании и грамматическом характере сложносоставных глагольных выражений. Существуют много мнения по проблеме сложного глагола и принципах их классификации. Раскрываются семантические особенности сложных глагольных выражений. В данной работе подходим к понятию сложного глагола по критерию состава и смысловой целостности. Для лексикографирования сложных глагольных выражений были рассмотрены примеры из 15-томного толкового словаря казахского языка, фразеологического словаря и текстового корпуса казахского языка.

В сложных глагольных и аналитических формах глаголы и составные глаголы, а также глагольные устойчивые словосочетания имеют смысловую целостность, т. е. соединяются несколько слогов и обозначают только одно действие, обозначая их как сложные составные глагольные словосочетания. Как и при лексикографировании сложных глаголов, определяются принципы лексикографирования глаголов аналитической формы и глагольных устойчивых выражений. Ниже приведены примеры, которые объясняют значение сложных глагольных словосочетаний (сложный глагол и глагол аналитической формы) и раскрывают смысловые особенности.

Ключевые слова: сложное составное глагольное словосочетание, аналитический глагол, глагольное устойчивое словосочетание, сложный глагол, корпус.

A.S. Barmenkulova¹, Y.B. Bessirov², A. Mursal^{1*}

¹ Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

² A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: aigerimmursal@mail.ru

LEXICOGRAPHY OF VERB STABLE PHRASES IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article deals with the problems of distinction, types, recognition by composition in Kazakh linguistics of verbal combinations of two or three words. The paper reviewed the issues of the linguistic nature, word formation and grammatical nature of compound verb expressions. There are many opinions on the problem of the compound verb and the principles of their classification. The semantic features of complex verbal expressions are revealed. In this paper, we approach the concept of a complex verb by the criterion of composition and semantic integrity. For lexicography of complex verbal expressions, examples from a 15-volume explanatory dictionary of the Kazakh language, a phraseological dictionary and a text corpus of the Kazakh language were considered.

In complex verb and analytical forms, verbs and compound verbs, as well as verb stable phrases, have semantic integrity, i.e. several syllables are connected and denote only one action, designating them as complex compound verb phrases. As with the lexicography of complex verbs, the principles of lexicography of analytical verbs and verb stable expressions are determined. Below are examples that explain the meaning of complex verb phrases (complex verb and verb of analytical form) and reveal semantic features.

Keywords: complex compound verb phrase, analytical verb, verb stable phrase, complex verb, corpus.

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде күрделі етістіктерге байланысты шешімін таппаған мәселелер әлі күнге дейін зерттеуді қажет етеді.

Күрделі етістіктерге жақын тілдік құбылыстар – аналитикалық етістіктер болатыны белгілі. Тілде сөзжасамдық бірліктерге жатпайтын аналитикалық формадағы етістіктердің грамматикалық және лексикалық мағыналары біріктіріліп, біртұтас мағыналарды береді. Сол себепті аналитикалық формадағы етістіктердің сыңарларын жеке-жеке бөліп қарауға болмайды. Күрелі құрамды етістікті тіркестердің сөздігін жасау өзге ұлт адамдарының қазақ тілін меңгеруі үшін өзекті болып табылады. Бұдан басқа күрделі құрамды етістіктер сөздігі аударма ғылымында қазақ тілін басқа шет тілдеріне аударғанда қажеттілік тудырады.

Қазақ тілінің сөздіктерінде күрделі етістіктердің сөздігі бұған дейін болмаған. Мағыналары ашылып, дефинициясы берілмеген. Сол себепті біз жоғарыда берілген етістікті сөз тіркестердің лексикографиялануын негізге ала отырып, көмекші етістіктер

(тірек компоненттер) қатысуымен жасалған күрделі етістіктерді лексикографиялау мәселесі бойынша анализ жасадық. Енді етістікті тұрақты тіркестердің сөздігін құрастыру, күрделі етістіктердің сөздігін құрастыруда да соған ұқсас принциптер сақталады.

– Күрделі етістіктер сөздіктерде (Қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігі) бірінші сыңары сөздік ұясында беріледі. Мысалы, *кіріп шықты* күрделі етістігі «кір» етістігінің, *айтып шықты* күрделі етістігі «айт» етістігінің сөздік ұясында беріледі де екінші сыңары қарастырылмайды.

– Күрделі етістіктер жедел өткен шақ формасындағы *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары жалғанып, жіктік жалғаудың 3-жағында кездеседі;

– Күрделі етістіктер жаңа (азат) жолдан қою бояумен беріледі де сөйлем соңынан нүкте қойылады;

– Күрделі етістіктерде жазылған дефинициялар екі компонентті қамтитын біртұтас күрделі қимыл мағыналарына негізделеді және бұлар тіркестегідей жедел өткен шақ формасында тұрып, жіктіктің 3-жағында кездеседі; дефинициялар курсивпен беріледі;

– Күрделі етістіктерден кейін, мағыналары ашылмай тұрып грамматикалық белгісөздер қойылады, яғни к ү р д. деген белгі қойылады болмаса ауыспалы мағыналарға ие болғанда, а у ы с. деген белгісізі қойылады.

– Мағынасы берілгеннен соң көркемдеу (иллюстрациялық) материалдар ретінде мысалдар беріледі, мысалдар көп жағдайда көркем әдебиет стилінен алынып отырады;

– Күрделі етістіктердің бірнеше мағыналарға ие болуы да мүмкін, бұндайда әрбір мағыналары жекелеген әріптермен ажыратылады. Бұндайда кейде күрделі етістік мағынасы ауыспалы мағынаға көшіп, фразеологизм мағынасына ие болады.

Егерде күрделі етістіктерді жеке өзін түсіндірме сөздік ретінде шығаратын болсақ, бұндай жағдайда орын тәртібін екі принцип бойынша беруімізге болады. 1) алфавиттік тәртіп бойынша; 2) екінші сыңарының (екінші тірек сыңарының) ұясына топтастырылып, сөздік (мысалы, кел, кет, сал т.б.) ұяшық ішінде әліпби ретімен жазуға болады.

Материал және әдістер

Зерттеу жұмысымыздың материалы ретінде қазақ тіліндегі 15 томдық түсіндірме сөздігін, фразеологиялық сөздікті, лексикографика мәселесіне орай жазылған ғылыми еңбектер және корпусстық лингвистика туралы зерттеулерді, қазақ тілінің мәтіндер корпусын қарастырдық.

Біз бұл зерттеуімізде лексикографикалық әдіс (Құранды етістікті тіркес және тұрақты сөз тіркестері және күрделі (аналитикалық формадағы) етістіктердің сөздігін құрастыруда), сипаттама әдісі (Қазақ тілінде кездесетін күрделі етістіктердің зерттелуіне шолу жасағанда қолданылады), талдау әдісі (Күрделі етістіктерге қатысты ой-пікірлерге анализ жасауда, мәселелерін анықтауда қолданылады), жүйелеу әдісі (Күрделі етістікті, құранды етістікті, аналитикалық етістікті, етістікті тұрақты тіркестерді күрделі құрамды етістікті тіркестерге топтастырғанда қолданылады).

Әдебиетке шолу

Күрделі етістіктер жайында зерттеген түрколог ғалымдар мен өз ғалымдарымыз әртүрлі ой-пікірлер айтып кеткен. Мысалы, А.А. Юлдашев, Ю.Д. Джанмавов, Е.И. Коркина, А.Н. Баскаков, Э. Коджарова, И.П. Павлов, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, С. Исаев, Ы. Маманов, Н. Оралбаева, А. Қалыбаева, Б. Қасым және т.б. зерттеуші-ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Күрделі етістіктер жайында ең алғаш зерттеу жүргізген қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлының «Тіл құрал» еңбегінен басталады. А. Байтұрсынұлы: «Етістік дегеніміз – ол адамдардың істеген іс-қимылдарын көрсететін сөздер» – деп, оның болымды етістік, болымсыз етістік, дара етістік, күрделі етістік және жасалу жолдарын атап көрсетеді (Байтұрсынұлы, 1992: 231).

Профессор Қ. Жұбанов күрделі етістіктерді «қосынды» етістік деп өз жанынан атап, етістіктерді *қосынды* және *дара* етістіктер деп жіктеп берген. «*Көмекші етістігі бар етістік қосынды етістік деп аталады*», – дейді ғалым. Сонымен қатар зерттеуші-ғалым бұндай қосынды етістіктердің қалай жасалатындығын да көрсеткен. Қосынды етістіктердегі негізгі мағыналарды беретін етістік көсемше немесе есімше түрінде кездесетінін, ал түрленіп, жіктеліп отыратыны көмекші етістік екенін айтқан (Жұбанов, 1966: 47).

И. Маманов пікірі бойынша күрделі етістіктерді ішіндегі негізгі етістіктердің мағыларына қарай *кесімді мәнді күрделі етістік*, *босаң мәнді күрделі етістік*, *бейімдік мәнді күрделі етістік* және *қалау мәнді күрделі етістік* деп төртке бөледі (Маманов, 1966: 56). Автор кесімді мәнді күрделі етістіктің негізгі сыңары өткен шақтың көсемшелі (-п) формасында жұмсалып, айтушының басқа бір кісіге қарата айтқанда кесімді түрде, бұйыра айтатындығын білдіретіндігін айтады. Мысалы, *барып кел, талап кел, жүгіріп кел, айтып жібер, т.б.* Қазақ тіліндегі күрделі етістіктің келесі түрінің *босаң мәнді күрделі етістік* деп айтылатын себебі соның алдыңғы компоненті келер шақ көсемше түрінде қолданып, іс-қимылдың, әрекеттің босаң түрде, жолай, екінші бір іспен байланыста, соының себебімен өтетіндігінде: *айта келу, сала бару, құлай жүру, бара салу, жұла кету т.б.*

Егерде күрделі етістіктер мақсатты көсемшелердің *жүр, жатыр, тұр, отыр*, көмекші етістіктерімен қатар келсе, онда бұл «*бейімділік*» күрделі етістік болады да *ұйықтағалы жатыр, қайтқалы жатқан, жазғалы отыр т.б.* (Маманов, 1966: 57).

Күрделі етістіктердің бұндай түрлерінде іс-әрекеттің, іс-қимылдың, іс-қимыл иесінің бір іс-қимылды орындау кезіндегі кейпін, басталардағы кезеңін, соған бейімделу түрін немесе бір заттың өзгеріске ұшырап бейімделуін білдіреді (Маманов, 1966: 61).

Қазақ тіліндегі *қалау мәнді* күрделі етістіктердің бірінші компоненті – *ғы/-гі, -қы/-кі* формасындағы қимыл мәнді есім тәуелді түрінде кездеседі де соңғы компоненті *кел* көмекші етістігінде болады (Маманов, 1966: 62). Мысалы, *барғың келеді, жатқым келді, салғым келеді, ішкісі келеді т.б.* Күрделі етістіктің бұл түрінде біз сөйлеушінің немесе қимыл иесінің бір істің болғанын қалағанын не қаламағандығын білеміз. Мысалы, *менің қызым болса зой деп алақаннан ұшырғысы келмейді бек* (З.Ақышев). *Ол көйлегімді алғысы, мен оның көйлегін алғым келеді* (Ғ.Мүсірепов).

Ахмеди Ысқақтың тұжырымы бойынша күрделі етістіктерді *күрделі құранды етістік*, *күрделі құрама етістік* және *күрделі тұрақты етістікті тіркестер* деп үшке бөліп қарастырады.

Көмек ет, ән сал деген күрделі етістіктер болса күрделі құранды етістік болып табылады, себебі есім мен көмекші етістіктен бірігіп, тұлғасы мен мазмұны құранды болып келеді. Ал *салып кел, айтып кел, жүгіре кел* деген етістікті тіркестердің әр сыңары дербес мағынаға ие және әр-бірі бірімен-бірі кем емес тең дәрежеде болады. Кей жағдайда күрделі етістіктердің осы түрін құрамалы күрделі етістік немесе жай күрделі етістік деп те атайды. Ал күрделі етістіктің басқа түрі – тұрақты сөз тіркестері грамматикалық жағынан бөліп қарауға келмейді және лексика-семантикалық жағынан бір ғана мағынаны білдіріп отырады. Мысалы, *жұмған аузын ашпай қойды, опық жседі, бас қойды т.б.* (Ысқақов, 1991: 238).

Сондай-ақ А. Ысқақов жоғарыда үш топқа жіктеп бөлінген түрлерінен басқа келесі тұжырымдауларында күрделі етістіктер жайлы былай деп жазып көрсетеді: «Егерде тіркестердегі сыңарлар мағыналары тұрғысынан бір-бірлерімен сайма-сай болып келсе (тең түскенімен), бірінен-бірі оқшауланбай, біртұтас лексикалық мағыналарды (тұлға) құрайтын болса, мұндай тіркестер – *жай күрделі тіркестер* болып саналады (*шауып кет, жазып бер, төгіп шық, салып қайт, киіп бар, т.б.*); ал егерде тіркестердегі сыңарлардың (компоненттердің) біреуі ғана негізгі мағынасын сақтап қалып, басқалары өзінің лексикалық мағыналарын не солғындатып, не жоғалтып, тек көмекші етістік қана болып, грамматикалық қызметін атқарса, бұл *сараламалы (аналитикалық) етістіктер* деп

немесе күрделі *етістіктің сараламалы түрлері* деп танылады (*сүйе қой, салып жібер,*); ал егерде етістікті тіркестердің алғашқы жетекші сыңарлары (компоненті) көсемше, есімше, есім, рай тұлғалы сөздердің біреуі ғана болып, оған көмекші етістіктер (*еді, екен, тұлғалары*) дәнекер болатын болса, мұндай тіркестер *суреттемелі етістік немесе күрделі етістіктің суреттемелі түрі* саналады (*айтса игі еді, бас екен, шала едім*);

Н. Оралбай зерттеуі бойынша күрделі етістіктердің *кіріккен күрделі етістік, тіркескен күрделі етістік, құранды күрделі етістік, қосарланған күрделі етістік және тұрақты сөз тіркес етістіктері* деген түрлерін көрсетеді (Оралбаева, 1979: 174). Кіріккен күрделі етістік екі компоненттен тұрады және әр компоненттерінің жеке дыбыстық құрамы өзгереді. Компоненттерінің жеке дыбыстық құрамының болмауына қарамастан күрделі етістікке жатқызады. Мысалы, *апаршы (алып баршы), әкелші (алып келші), әперші (алып берші)*. Ал «тіркескен күрделі етістіктер деп екі сыңардан түзіліп, сөйлемде бір ғана мағына білдіретін, бірақ сыңарлары емле бойынша бөлек жазылатын сөздер аталады» (Оралбаева, 1979: 175). Мысалы, *барып кет, салып бер, көріп бер* және т.б. тіркесіп келген күрделі етістіктердің әр екі сыңары да мағыналы етістіктерден жасалады. Н.Оралбайдың ойынша тіркескен күрделі етістіктердің компоненттерін *ауыспалы және тірек сыңар* деп бөліп көрсетеді. Ауыспалы сыңар жалғасқан күрделі етістіктің бөлімінде туынды түбірдің негізгі сөзімен сай келуіне байланысты алдыңғы орында тұрады. Мысалы, *барып кел, түйіп кет, сыпырып ал, барып тұр* т.б. Ал тірек компонент жұрнақтың орнымен сәйкес келуіне байланысты екінші орында болады. Мәселен, *жуып кел, жылап отыр, барып қайт, айта кел* т.б.

Зерттеуші көмекші тіркестер бола алатын етістіктерге мыналарды жатқызып көрсетеді: *әкет, бар, әкел, апар, жөнел, біл, жат, жүр, жатыр, кел, жібер, қайт, кет, қал, қыл, қой, сал, өт, отыр, шық, түс, тұр, соқ, таста*. Тіркескен күрделі етістіктердің компоненттері көсемшенің *ғалы, -гелі, -қалы, -келі, -п, -іп, -ып, -а, -е, -й*, жұрнақтары арқылы жасалады (Оралбаева, 1979: 176).

Құранды етістіктермен *-а шық* аналитикалық форманты тіркесуі арқылы жасалатындары да өте көп. Мәселен: *сала шық, ала шық, бара шық, қалдыра шық, жаздыра шық, жудыра шық, құйдыра шық, жұлдыра шық, қуа шық* т.б.

Құранды етістіктер кейде есім сөздерге көмекші етістіктердің бірігуі арқылы да жасалады. Мысалы, *еңбек ет, көмек ет, жынды қыл* т.б. Бұнда құранды күрделі етістіктердің бірінші компоненті есім сөздерден, ал келесі компоненті, *ет, қыл* көмекші етістіктері тіркесіп келуі арқылы жасалып отырады.

Күрделі етістіктердің келесі түріне тұрақты сөз тіркестері жатады. Тұрақты сөз тіркестері сөйлемде қимыл мәнді білдіретін күрделі етістіктер болады. Олар: *көзге түрткі болды, төбе шашы тік тұрды, көкке көтерді, инедейді түйедей етті* т.б. (Оралбаева, 1979: 177).

Б. Қапалбеков өзінің зерттеу диссертациясында қазақ тіліндегі күрделі етістіктерді жіктеп көрсетеді. Олар мынадай: *құранды күрделі етістіктер, жай күрделі етістіктер, сараламалы күрделі етістіктер, суреттемелі күрделі етістіктер, тұрақты сөз тіркесіндегі күрделі етістіктер* (Қапалбеков, 2000: 60):

- а) Құранды күрделі етістіктер. *Айжан сіңілісіне көмек етті.*
- ә) Жай күрделі етістіктер. *Айкерім Астанаға кеше барып келді.*
- б) Сараламалы күрделі етістіктер. *Сіз кітап туралы көп ойлап қалмаңыз.*
- в) Суреттемелі күрделі етістіктер. *Айтайын деп барып едім.*
- г) Тұрақты сөз тіркесіндегі күрделі етістік. *Ербол істеген істеріне опық жеді.*

Етістіктің көсемшелі жұрнақтары күрделі етістіктердегі құранды етістіктерге жалғанбайды. Кей жағдайда ғана көсемшенің жұрнақтары құранды етістіктерге жалғанады. Бұл етістік үш немесе төрт сөзден тұрған болса, онда мұның құрамынан көсемше жұрнақтарын табуға болады: *іші қату – іші қатып қалу; кірпік қағу – кірпік қағып қалу* т.б.

Демек, жоғарыда айтқандай күрделі етістік ұғымы аясында көрсетілген тілдік құбылыстарды былайша жіктеп бөлеміз:

- 1 Аналитикалық формадағы күрделі етістіктер;
- 2 Күрделі етістіктер (сөзжасамдық бойынша);
- 3 Құранды күрделі етістіктер;
- 4 Етістікті тұрақты сөз тіркесіндегі күрделі етістіктер;
- 5 Етістікті сөз тіркесіндегі күрделі етістіктер.

Аналитикалық формадағы күрделі етістіктерге ғалым – А. Ысқақов «дербес етістік пен белгілі бір грамматикалық категориялардың мағыналарын білдіретін көмекші етістіктің құрамын аналитикалық формадағы күрделі етістік» дейді (Ысқақов, 1991: 242).

Аналитикалық формадағы негізгі күрделі етістік көмекші етістіктерден алдында тұрады да, аналитикалық формадағы тіркестің әуелгі мағынасына жетекшілік етеді. Мысалы, *айтса екен, күлсе екен* деп екі компоненттен тұратын болса да, негізгі мағынасы – *айту, күлу*. Бірақ осы негізгі білдіретін мағынаға *тілек, қалау* сияқты мағыналары қосылып тұрады.

Аналитикалық формадағы құранды күрделі етістіктермен бірдей, екеуі де негізгі дербес сөз бен көмекші етістіктерден құрам табады. Ал ұқсамайтын жерлері ретінде, ең алдыменен, бұлардың негізгі сыңарлары мен көмекші сыңарлары сөздердің атқару функциясына байланысты болып келеді. Күрделі құранды етістіктің бірінші сыңарлары есім сөздер болса, аналитикалық формасындағы – етістік болады. Мысалы, *көмек ет* – құранды етістік, *келе сал* – аналитикалық формасындағы етістік т.б. Екіншіден, құранды етістіктерде екінші компоненттері негізгі етістік те, ал аналитикалық формасындағы көмекші етістіктер болып келеді.

Аналитикалық формадағы етістіктер аналитикалық форманттардан жасалады. Етістіктердің аналитикалық формасындағы негізгі етістіктерге жұрнақ, жалғау және көмекші етістіктер жалғанып, етістіктердің белгілі бір грамматикалық категорияларына қатысты мағыналарды білдіреді (Ысқақов, 1991: 251). Олар негізінен, негізгі «жетекші» сөздерге қосылған бір қосымша және бір көмекші етістіктерден тұрады. Мысалы, *жылай жаздады (-й жазда), батып қалды (-ып қал)* т.б.

Н. Оралбаеваның пікірінше етістіктертің аналитикалық формасы қимыл категориясының модалды етістіктердің, рай категориясындағы ашық райлардың және бұйрық райлардың, не қалау райлардың не шартты райлардың, болымсыздық категорияларының грамматикалық көрсеткіштері болып табылатынын талдап көрсетеді (Оралбаева, 1979: 71). «Сөздердің аналитикалық формаларын жасаушы аналитикалық форманттар – етістіктердің грамматикалық көрсеткіші болып табылады. Аналитикалық формасындағы етістіктер арқылы жасалған аналитикалық формадағы етістіктер де осы категорияның парадигмасына кіреді» (Оралбаева, 1979: 73).

Академик Н. Сауранбаевтың айтуынша: «Бірнеше етістіктердің, болмаса етістік пен есім сөздердің іс-қимылы жайлы белгілі ұғымдарды білдіретін тұрақты сөз тіркестерін күрделі етістіктер дейміз. Күрделі етістіктердегі негізгі ұғымдарды білдіретін етістіктер негізгі болып табылады да, оның қосымша мағынада беріліп тұрған соңғы компоненті көмекші етістік болады», – дейді (Қапалбеков, 2000: 21).

Ал Ы. Мамановтың пайымдауынша: «Күрделі етістіктер етістіктің бүкіл формаларымен бірге түрленіп және олардың құрамындағы көмекші етістіктер әртүрлі грамматикалық мағыналарды береді. Күрделі етістіктер көсемшенің жұрнақтары көмекші етістіктермен тіркесу арқылы жасалады. Күрделі етістіктердің құрамындағы алғашқы көсемше түріндегі компоненті лексикалық мағына береді де, кейінгі компоненті көмекші етістіктерге грамматикалық мағына үстей отырып, етістіктің басқа формаларымен түрленетін құрылымдық қызметтерді атқарады, – дейді (Маманов, 1966: 55).

Тілші Ы. Маманов етістіктерді былайша жіктейді: негізгі күрделі етістіктер және функциялық күрделі етістіктер деп бөледі. Ғалым негізгі етістіктерді өз ішінде түбір және модификациялық деп бөледі.

Түбір етістікке қосымша жалғану арқылы жасалған туынды түбірлермен қоса тіркесті түбір етістіктерді береді. Яки етістіктердің құранды етістіктері негізгі етістіктерге жатқызылады. Күрделі етістіктерді автор модификациялық топта – етіс немесе күшейтпелі етістіктер қатарларында көрсетеді. Зерттеуші күрделі етістіктерді модификациялық топта берген кезде негізінен етістіктердің аналитикалық формаларын негізге алғандығын байқаймыз (алып қалу, бара жатса, тоқып шыққан т.б.).

Профессор С. Исаев та күрделі етістіктер түсінігіне ғалым Н. Оралбаева аналитикалық формадағы күрделі етістіктер деп айтқан бірінші компоненті лексикалық мағынаны, екінші компоненті грамматикалық мағыналар үстеп, көмекші қызметін атқаратын етістіктердің тіркестерін жатқызады: «Күрделі етістіктер деген ұғымға негізгі етістіктер мен көмекші етістіктер яғни лексикалық мағыналары жоқ етістіктердің тіркесі және етістіктердің нақты грамматикалық категорияларының көрсеткіші болып табылатын түрлері ғана жатқызылады деп танымыз. Негізгі етістіктер әсіресе көсемшелер, есімшелер және райлардың (қалау, шартты) тұлғаларында тұрып, ал көмекші етістіктер етістіктердің грамматикалық категорияларының біреуінде (шақ, рай) тұрып сөйлем қызметін атқарады да, негізгі етістіктерге сантүрлі грамматикалық мағыналарды үстейді» (Сауранбаев, 1942: 111). Сонымен бірге ғалым Н. Оралбаеваның зерттеуінше, негізгі етістіктерге көсемшенің *-а, -е, -й, -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі* жұрнақтары, ал есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтын, -ар, -ер, -р, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнақтары, шартты райдың *-са, -се* жұрнақтары тұлғаларына көмекші етістіктердің және негізгі етістік түбірлерге *-ғы, -гі -қы, -кі* қосымшаларының тәуелденген формаларына *бар* көмекші етістігі жалғанып, бір ғана етістіктің орнына қолданылып, күрделі етістік болып табылады. Мысалы, *барып қалды, бармақ болды, барғалы жатыр, барғым келді* т.б. (Исаев, 1998: 247).

Күрделі етістіктер (сөзжасамдық). Күрделі етістіктер ұғымын сөзжасамдық бірліктерге байланысты қолданған зерттеушілер бар. Әсіресе бұл, сөзжасам саласының қалыптасуына қатысты туған көзқарас.

Қазақ тілінің белгілі грамматисі – А. Ысқақов: «Егерде тіркестердегі сығарлар беретін мағына жағынан өзара пара-пар, бірдей бола тұра (тең келгенімен), бірінен-бірі жекеленбей, жалпы лексикалық мағыналарды (тұлғаны) білдірсе, мұндай тіркестер – жай күрделі тіркестер деп аталады. Мысалы, *салып бар, барып қайт, айтып шық, сатып бер, барып кет* т.б. – десе, енді бірде жоғарыдағы келтірілген мысалдарды күрделі құрама етістіктер атауымен атайды. Ғалым А. Ысқақов: Күрделі құрама етістіктердің бір сыңары толық мәнді сөз болса, аналитикалық формасындағы толық мәндә сөз және көмекші сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалады. Мысалы, *секіріп өт* – құрама етістік, *көре сал* – аналитикалық формасындағы етістік. Бұндағы тіркестердің мағыналарына үңіліп қарасақ, күрделі құрама етістіктердің компоненттері сол сөздердің лексикалық мағыналарын берсе, аналитикалық формасындағы алғашқы компоненті лексикалық, ал соңғы компоненті бұған грамматикалық мағынаны үстейді. Мәселен, *салып бар, сұрап ал* деген құрама етістікті тіркестердің *бар, ал* немесе *сал, сұра* деген етістіктері дара қимылды білдіріп тұрғанын көреміз. Ал *сұрай сал, сала сал* десек, аналитикалық формасындағы етістіктердің соңғы компоненті *сал* алғашқы компонентінде *сұра, сал* етістіктеріне грамматикалық мағынаны үстеп тұрғанын байқаймыз (Ысқақов, 1991: 13).

Ал күрделі етістіктердің компоненттері толық мағыналы етістіктер деген ой-пікірді зерттеуші, ғалым Н. Оралбаева айтады. «Күрделі етістіктердің жасалу жолында оның жекелеген компоненттері бірдей сөйлем мағынасын беруге қатысады. Бұлардың да құрамындағы компоненттері – толық мағыналы етістіктер болып келеді. Күрделі етістіктердің құрамдарындағы жеке компоненттерінің мағыналарының жиынтығынан құралған бір күрделі іс-қимылды білдіреді», – деп күрделі етістіктердің екі компоненттерін іс-қимылдың екі бөлімін білдіретінін ашып көрсетеді (Оралбаева, 1979: 56-57). Мәселен, *алып кел* тіркесіндегі «*алып*» бөлігі қимылдың бағытын орындаса, «*кел*» бөлігі барған жерден қайта келу мағынасын білдіреді. Демек, бір қозғалыстың немесе іс-

әрекеттің екі бағытын білдіретін түрлері де кездеседі. *Ауылға кіріп шық, бөлмеге келіп кет, ақшаны беріп кел* тәрізді күрделі етістіктердің барлығы алғашқы екі іс-қимылды білдіретін толық мағыналы сөздер болғаны айқын. Қолданыста бола келе бұлар даралығын жойып, біркелкі мағыналарға ауысқан (Оралбаева, 1979: 173).

Б. Қасым өзінің «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды. Бұл еңбекінде іс-қимылды білдіретін күрделі сөздер, яки күрделі етістіктер сөзжасамдық тұрғысында біртұтас күрделі сөздерге ортақ мәселелер аясында қарастырылып, іс-қимылды білдіретін күрделі сөздердің сөзжасамдық сипатының болатындығы дәлелденеді. Ғалымның диссертациясында «күрделі сөздерді құрастыруға тек бір мағыналары бар компоненттер қатыса алады. Күрделі сөздердің мағыналары оның құрамдарындағы лексикалық мағыналары бар компоненттерінің мағыналарынан туындайды. Соның нәтижесінде күрделі сөздердің біртұтастығы пайда болып, бір толық мағына болып қалыптасады» (Қасым, 1996: 41).

Нәтижелер және талқылау

Қазақ тіліндегі сөздіктерде күрделі етістіктердің сөздігі ешбір сөздікке енбеген. Сондықтан да біз жоғарыда берілген күрделі етістікті тіркестердің сөздік болып жасалуын негізге алып, көмекші етістіктер немесе тірек сыңарлары арқылы жасалған күрделі етістіктерді лексикографиялау мүмкіншіліктерін қарастырамыз. Төменде бірнеше күрделі етістіктердің лексикографиялық құрылымын қарастырамыз. Ал жинақталған зерттеу материалдарымыздың толықтай көлемін өздеріміз құрастыратын сөздікте көрсетеміз. Біз күрделі немесе аналитикалық етістіктерді тірек компоненттері бойынша «Қолданбалы компьютерлік лингвистика» бөлімі жасаған «Қазақ тілінің мәтіндер корпусынан» жинап алдық. Қазіргі кезде жинақталған күрделі етістіктер мен аналитикалық етістіктер саны – 2500-ден аса.

Сонымен етістікті тұрақты сөз тіркестердің лексикографиялануына ұқсас, күрделі етістіктерді лексикографиялауда да осыған ұқсас принциптер сақталып отырады.

1) Күрделі етістіктер қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігінде бірінші сыңарлары сөздік ұяға беріледі. Мысалы, *салып шықты* күрделі етістігі «сал» етістігінің, *айтып шықты* күрделі етістігі «айт» етістігінің сөздік ұясында беріледі.

2) Күрделі етістіктердің жедел өткен шақ тұлғасында *-ды, -ді, -ты, -ті* жіктік жалғаулардың 3-жағында тұрады;

3) Күрделі етістіктер жаңа (азат) жолдан қою бояумен беріледі де соңынан нүкте қойылып отырады;

4) Күрделі етістіктерге берілген дефинициялардың екі компонентті қамтитын жалпы күрделі іс-қимыл мағыналарында негізделіп жасалады және олар тіркестегідей жедел өткен шақта және жіктік жалғауының 3-жағында беріледі. Дефинициялар курсивпен жазылады;

5) Күрделі етістіктертен соң, мағыналары ашылмай тұрып, грамматикалық белгісөздері (пометалары) қойылады, яғни *к ү р д*. деген белгілері қойылады немесе ауыспалы мағыналарға ие болғанда, *а у ы с*. белгісөздері қойылады.

6) Мағыналары түсіндіріліп жазылғаннан кейін көрнекілік (иллюстрациялық) материалдар тұрғысында мысалдар беріледі. Мысалдар көп жағдайда көркем әдебиет стильдерінен алынады;

7) Күрделі етістіктердің бірнеше мағыналары болуы да мүмкін, мұндай жағдайда әрбір мағыналары кәріптермен *а, ә, б* ажыратылады. Бұндайда күрделі етістіктер мағыналары ауыспалы мағыналарға көшіп, тұрақты сөз тіркестеріндей болып шығады.

Ал егер күрделі етістіктерді жеке-дара түсіндірме сөздік ретінде шығарар болса, бұндайда тізімдеп жазу ретін екі принцип бойынша беруімізге болады. 1) жалпылай әліпбилік тәртіппен; 2) екіншіден тірек сыңарлардың ұясына топтастырылып, сөздіктің (мәселен, *отыр, жатыр, тұр* т.б.) ұясы ішінде әліпби ретімен тізімдеуге болады.

Көмекші етістіктер көп жағдайда өзінің тура мағыналарында жұмсалғанда екі іс-қимылдың кесінділерінің біреуі болып, сөзжасамдық күрделі етістіктерді тудырады.

Етістіктердің тұрақты сөз тіркестері немесе құранды етістіктердің тірек сыңарлары негізгі есім немесе етістікті сөздерге тіркесе келіп, өздері қатысқан сыңарларына ортақ мағыналар үстеп отырады, яки абстрактілі мағыналары болады. Мысалы, *ал* етістігі тіркестің құрамында көбінесе болымды тұлғасында кездеседі, субъектінің объектіні өзіне иелік етуі (меншіктеуі) мағынасындағы тіркестердің семантикаларынан да байқалып тұрады. Ауыспалы мағынасында іс-қимылдың жүзеге асып орындалуын білдіреді.

Күрделі етістіктерді жасағанда да екінші компоненті көбінесе тірек компоненттер деп аталған көмекші етістіктер болып келеді. Алайда күрделі етістіктердегі тірек компоненттердің мағыналары өздерінің лексикалық мағыналары шеңберлерінде қолданылады. Абстрактілі әмбебап мағыналарға айналмайды. Мысалы:

Алып шықты. к ү р д. а) *Затты, нәрсені қолына алып не бірге ертіп сыртқа шығарды.* Ал енді ыдыс-аяқ салынған сандық ашылғанда бір каробка пышақтарды а л ы п ш ы қ т ы (Қ.Өзенбаева, Асықты көрпе). Мәди қызды байлаудан босатып есік алдына а л ы п ш ы қ т ы да, шашынан сипап көзінің жасын сүрте бастады (Ә.Әбішев, Жаралы сұңқар). ә) а у ы с. *Бір жұмысты өзі не өздерінің күшімен бітірді, нәтижеге қол жеткізді.* Жарыста өз командасын қалайда а л ы п ш ы ғ а т ы н (Ауызекі) (А.Мурсал, 2019:90).

Кіріп шықты. к ү р д. *Бір жерге жолай соғып кетті.* Үлкен кісі үйіне к і р і п ш ы қ т ы (Қ.Түменбаев, Ағаш ескерткіш).

Айтып келді. к ү р д. *Бір нәрсе туралы хабардар етті, естігенін келген жеріне жеткізді.*

Барып келді. к ү р д. *Бір жерде болып, қайта оралды, жолсапардан қайтты.* Жаппар мынау қолға ұстар дәнеңесі жоқ мөп-мөлдір, шегіне шетіне жетіп болмайтын тұлдыр көкке қарай б а р ы п к е л д і (Ә. Кекілбаев, Мұнара).

Әкеліп берді. к ү р д. *Бір затты алып, біреуге ұстатты.*

Апарып берді. к ү р д. *Бір затты біреуге не бір жерге жеткізді.* Онда біздің жұмысымыз жоқ, жоғалындар, – деп апайлар дорбаны апарып берді (Қ.Өзденбаева, Додаға түскен дорбалар).

Жоғарыда *шық, кел, бер* көмекші етістіктер арқылы жасалған күрделі етістіктер берілген. Аталған көмекші етістіктердің немесе басқа да көмекші етістіктердің, яки тірек компоненттері күрделі етістіктер (сөзжасамдық) жасағанда, біртұтас қимылдың кесіндісі ретінде көбінесе өздерінің тура мағыналарында жұмсалады.

Енді төменде *аналитикалық формасындағы етістіктерді лексикографиялауға* қатысты мәселелерге келеміз.

Күрделі етістіктерді лексикография жасауға байланысты аналитикалық формасындағы етістіктерді лексикографиялауда да осыған ұқсас принциптер сақталады.

1) Аналитикалық формасындағы етістіктер егерде сөздікке қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігі алынса, алғашқы компоненттерінің сөздігі ұясында беріледі. Мысалы, *көріп шықты* аналитикалық етістігі «көр» етістігінің, *ала қойды* аналитикалық етістігі «ал» етістігінің сөздігі ұясында беріледі.

2) Аналитикалық етістіктер де етістікті тұрақты сөз тіркестері мен күрделі етістіктер тәрізді жедел өткен шақ тұлғасындағы *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары, жіктік жалғаудың 3-жақ тұлғасында кездеседі;

3) Аналитикалық формасындағы етістіктер, жаңа (азат) жолдан қою қара бояумен жазылып, соңынан нүкте қойылып жазылады;

4) Аналитикалық формасындағы етістіктерге берілген дефинициялар да негізгі іс-қимыл мағыналары бірінші компоненттің, яки негізгі етістіктердің лексикалық мағыналарына негізделеді де екінші компонент көмекші етістік мағынасында грамматикалық мәнде, яки қимылдың өту сипатындағы мағынаны үстейді; бұлар етістікті тұрақты сөз тіркестеріндегідей жедел өткен шақ тұлғасында және жіктіктің 3-жақ тұлғасында беріледі; дефинициялар курсив қарпімен ерекшеленіп жазылады;

5) Аналитикалық етістіктертен соң, мағыналары ашылмаған күйі бұрын грамматикалық белгісөздер қойылады, яки *а н а л.* деген белгісөзі қойылады;

6) Мағынасы түсіндірілгеннен соң, көрнекілік зерртеу-материалдары ретінде көп жағдайда көркем әдебиет стильдеріндегі мысалдармен беріліп отырады;

7) Аналитикалық етістіктердің көптеген мағыналары кездесіп отырады, бұндайда әрқайсысының мағыналары а, ә, б кәріптерімен ажыратылады. Алайда аналитикалық етістіктерде екінші көмекші етістіктер мен тірек компоненттер қимылдарының өту сипаты, шақ тәрізді грамматикалық мағыналарын білдіретіндіктен, ауыспалы мағыналарға айнала қоймайды.

Ескерте кетсек, аналитикалық формасындағы етістіктердің ғана түсіндірме сөздігін шығаратын болсақ, онда тізімдеу тәртібі бойынша екі принциппен береміз. 1) жалпы алфавиттік тәртіппен; 2) екінші тірек компоненттің (екінші сыңардың) ұясына топтастырып, сөздік (мысалы, бол, жат, қат т.б.) ұясы ішінде әліпби тәртібімен тізімдеуге болады.

Оқып шықты. а н а л. *Оқып бітірді, аяқтады.* Текежан ол берген бір жапырақ қағазды ішінен о қ ы п ш ы қ т ы да, тісін шықыр еткізді, бірақ өңінде өзгеріс жоқ (Ә.Әбішев, Жаралы сұңқар).

Шық етістігі негізгі етістіктерге тіркесіп, үш аналитикалық формалы етістікте де *іс-әрекеттің біткенін, аяқталғанын* білдіретін мағына үстейді.

Жасала қойды. а н а л. *Көп күттірмей, тез арада жасалып кетті, тез-ақ жасалды.* Апамның пысықтығынан Айгүлдің базардан әкелген ақ, көк, қызыл, жасыл, сары, қара, күлгін, сұр материалдарынан, шәй ішіп біткенше құрақ көрпесі ж а с а л а қ о й д ы (Қ.Өзденбаева, Алып-ұшқан көңіл-ай!).

Сала қойды. а н а л. *Оп-оңай орналастырды, жеңіл, тез-ақ салды.* Бұрын 20 теңге беріп, арбамен әкеліп, автобуска с а л а қ о я т ы н заттарын енді таксимен тасып, торыққан жұрттың жан айқайын кімге айтарын білмей, өздерімен-өздері шер тарқатып, босқа елдің артынан қарап мен тұрмын (Қ.Өзденбаева, Арман мен Алдан).

Әкеле қойды. а н а л. *Жеп-жеңіл әкеле салды, тез-ақ алып келді.* Екі кесесін балаларыма ала салайын деп, сумкадан ақша алам дегенше апай лып етіп барып, қалтаға салып ә к е л е қ о й д ы (Қ.Өзденбекова, Коридордағы кемпір).

Қой көмекші етістігі жоғарыда берілген үш аналитикалық формалы тіркесте негізгі етістікке *іс-әрекеттің тез арада әрі жеңіл-желпі орындалу* мағынасын үстейді.

Баста көмекші етістігі жоғарыда берілген үш аналитикалық формалы тіркесте негізгі етістікке *іс-әрекеттің басталуын, бастапқы кезеңін білдіру* мағынасын үстейді.

Енді төмендегі аналитикалық етістіктерде *сал* көмекші етістігі негізгі етістіктерге тіркесіп, бірнеше грамматикалық мағына үстейді.

Ала салды. а н а л. *Ала қояйын деді, жолай алды.* Екі кесесін балаларыма а л а с а л а й ы н деп, сумкадан ақша алам дегенше апай «лып» етіп барып қалтаға салып әкеле қойды (Қ.Өзденбаева, Коридордағы кемпір).

Бітіре салды. а н а л. *Соны ғана бітірді, аяқтаумен шектелді.* Кей келін мектеп б і т і р е с а л а д ы (Қ.Өзденбаева, «Невидимка» келіндер).

Жапсыра салды. а н а л. *Жеңіл-желпі, болар-болмас жапсырды, ілді.* Басына соңғы шыққан майда ақ қызыл гүлдері бар бүгінгі моданың жұқа орамалын тас төбесіне ж а п с ы р а с а л ғ а н апайдың «5шмкіден» түсіп санаулы талдары қалған шашынан құйқасының әр жері көрініп тұрғанын байқадым (Қ.Өзденбаева, «Бывший» бастықтың бибісі немесе көк көйлектің кесірі).

Жайрата салды. а н а л. *Оп-оңай жайратты, өзі-ақ жайратты.* Сенің бұндай екенінді білгенімде-ақ өзім ж а й р а т а с а л а т ы н едім ғой (М.А.Шөмекей, Партизан Тұрғанбике).

Айтып салды. а н а л. *Бет-жүзге қарамай, айтып тастады.* Жауынбай бейшара да тік еді, көңіліңе қарамай а й т ы п с а л а т ы н (Қ.Түменбаев, Оқ).

Аударал салды. а н а л. *Лақ еткізіп, ақтарды.* Жұмыртқа келіншек ернін сылп еткізіп, қалта тапқан қаһармандай дорбаны столға *а у д а р а с а л д ы* (Қ.Өзденбаева, Жақсылықтың жазығы).

Жоғарыдағы мысалдарда *ала салды, бітіре салды, жапсыра салды, жайрата салды* тіркестерінде іс-әрекеттің немқұрайлы, жеңіл-желпі орындалғанын білдірсе, *айтып салды, аударал салды* тіркестерінде іс-әрекетті кезек күттірмей, бірден орындалғанын білдіреді.

Қорытынды

Қортындылай келе, біз жоғарыда келтірілген зерттеу материалымыздан етістікті сөз тіркестері мен аналитикалық формасындағы етістіктерді лексикографиялаудағы принциптерін ашып көрсетіп, сөздіктер құрастыруға болатындығын дәлелдедік. Жоғарыдағы келтірілген мысалдар арқылы көптеген тіркестерді, сөз тіркестерінің (күрделі етістіктер және аналитикалық формасындағы етістіктер) мағыналарын түсіндіріп, мағыналық ерекшеліктерін айқындап бердік. Бұл көмекші етістіктердің негізгі етістіктерге қарай бірнеше мағыналық реңктерге ие болу мүмкіндігін көрсетті. Диссертациялық жұмысымызда *-а сал, -а кет* аналитикалық форманттарының функционалды мағыналарына талдау жасаған кезде де көз жеткізгенбіз. Бірақ біздің мақсат-міндетіміз, күрделі құрамды сөз тіркестердің семантикалық құрылымдағы мағыналарын ашу емес, қайта оларды лексикографиялауға байланысты болғандықтан, мағыналық талдауларын қысқаша мысалдармен ғана бердік.

Бұл күрделі етістіктердің түсіндірме сөздігін жасаудың қажеттілігі қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытқанда, магистр мен докторанттардың ғылыми зерттеу жұмыс жүргізгенде, ең бастысы қазақ тілінің ұлттық корпусын жасауға қажет болады. Өйткені аналитикалық формасындағы күрделі етістіктер, көмекші етістіктер мағыналары грамматикаларда, оқулықтар мен оқу құралдарында жазылады. Оқыту үдерісінде үйретіліп жатқанымен, қазақ тілін терең оқыту мәселесінде көмекші етістіктер семантикасын түсінуге және үйретілуі қиын күрделі проблема болып отыр. Осындай жағдайлар аясында аналитикалық формасындағы етістіктер тілімізде сөзжасамдық құбылыс ретінде де танылмаса да, оның лексика-грамматикалық мағыналарын түсіндіретін құрал сөздік дайындау ісі. Ол тіл үйренуде де, сондай-ақ сәтүрлі тәржіма жұмыстарын жүзеге асыруда да рөлі ерекше болмақ.

Мақала BR11765619 «Мемлекеттік тілдің ақпараттық-инновациялық базасы ретіндегі қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу: ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жарияланды.

Әдебиеттер

- Байтұрсынұлы А. (1992) Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
Жұбанов Қ. (1966) Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 362 б.
Маманов Б. (1966) Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы: Ғылым, 1966. – 163 б.
Ысқақов А. (1991) Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 382 б.
Оралбаева Н. (1979) Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 136 б.
Қапалбеков Б. (2000) Көсемше бағыныңқылардың дамып, қалыптасуы мен мағыналық түрлері: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2000. – 143 б.
Сауранбаев Н.Т. (1942) Қазақ тіліндегі көсемшелердің семантикасы мен функциясы. – Алматы. Ғылым, 1942. – 187 б.
Исаев С. (1998) Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 303 б.
Қасым Б. (1996) Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. – Алматы, 1996.

References

- Bajtursynuly A. (1992) Til tagylymy. – Almaty: Ana tili, 1992. – 444 b. [Baitursynuly A. Language Teaching. – Almaty: Ana tili, 1992. – 444 p.] (in Kazakh)
- Zhubanov K. (1966) Qazaq tili zhonindegi zertteyler. – Almaty, 1966. – 362 b. [Zhubanov K. Research on the Kazakh language. Almaty, 1966. – 362 p.] (in Kazakh)
- Mamanov Y. (1966) Qazirgi qazaq tili. Etistik. – Almaty: Gylym, 1966. – 163 b. [Mamanov Y. Modern Kazakh language. Verb. Almaty: Nauka publ., 1966. – 163 p.] (in Kazakh)
- Yskakov A. (1991) Qazirgi qazaq tili. – Almaty, 1991. – 382 b. [Modern Kazakh language. Almaty, 1991. – 382 p.] (in Kazakh)
- Oralbaeva N. (1979) Qazaq tilindegi etistiktin analitikalyq fopmanttarynyn qurylysy men magynasy. – Almaty: Gylym, 1979. – 136 b. [Oralbayeva N. Structure and meaning of analytical verb formants in the Kazakh language. Almaty: Nauka publ., 1979. – 136 p.] (in Kazakh)
- Kapalbekov B. (2000) Kosemshe bagynynqylardyn damyp, qalyptasuy men magynalyq turleri: filol. gyl. kand. ... dic.: 10.02.02. – Almaty, 2000. – 143 b. [Kapalbekov B. Development, formation and semantic types of leading subgroups: philol. science. cand. ... diss.: 10.02.02. – Almaty, 2000. – 143 p.] (in Kazakh)
- Cauranbaev N.T. (1942) Qazaq tilindegi kosemshelelerin semantikasy men fynkcijasy. – Almaty. Gylym, 1942. – 187 b. [Sauranbayev N. T. Semantics and functions of verbs in the Kazakh language. – Almaty. Nauka publ., 1942. – 187 p.] (in Kazakh)
- Icaev C. (1998) Qazirgi qazaq tilindegi cozderdin gpmmatikalyq sipaty. – Almaty: Pauan, 1998. – 303 b. [Isaev S. Grammatical character of words in the modern Kazakh language. Almaty: Rauan publ., 1998. – 303 p.] (in Kazakh)
- Kasym B. (1996) Qazirgi qazaq tilindegi kurdeli etistikter. – Almaty, 1996. [Kasym B. Complex verbs in the modern Kazakh language. – Almaty, 1996.] (in Kazakh)